

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ  
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ**

**ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

**Мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасы**

## **Д Ә Р І С**

**Тақырыбы: ШЕТЕЛДЕРДІҢ МЕМЛЕКЕТІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҒЫ  
ТАРИХЫНЫҢ ПӘНІ, ӘДІСТЕМЕЛІГІ ЖӘНЕ КЕЗЕҢДЕРІ**

**Кафедра мәжілісінде талқыланып,  
мақұлданған: 2016 ж. «\_\_\_» қыркүйек  
№ \_\_\_ хаттама**

**Дайындаған: кафедра аға оқытушысы  
полиция капитаны И.М. Искаков**

**ҚАРАҒАНДЫ 2016**

# ШЕТЕЛДЕРДІҢ МЕМЛЕКЕТІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҒЫ ТАРИХЫНЫҢ ПӘНІ, ӘДІСТЕМЕЛІГІ ЖӘНЕ КЕЗЕҢДЕРІ

## ЖОСПАР

1. Шетелдердің мемлекеті және құқығы тарихының пәні мен әдістері.
2. Шетелдердің мемлекеті және құқығы тарихының кезеңдері.

### Пайдаланылатын әдебиеттер:

- Биекенов Н.А., Сәлкебаев Т.С., Сейдіғалиев Т.Р. Мемлекет және құқықтың жалпы тарихы. Оқу-әдістемелік құрал. Қарағанды., 2005
- Булгакова Д.А., Истаев А.Ж. Мемлекет және құқықтың жалпы тарихы. Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы., 2012
- Сейдіғалиев Т.Р., Искаков И.М. Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы. Оқу құрал. – Қарағанды., 2015
- Всеобщая история государства и права в схемах. Древний мир. - М., 1996
- Бонгард - Левин Г.М. Индия эпохи Маурьев. М., 1973
- Васильев Л.С. Курс лекций по Древнему Востоку. М., 1985
- Всеобщая история государства и права./ Под ред. Батыра К.И.. М., 1996
- Дьяконов И. М. Общественный и государственный строй Древнего Двуречья.
- История государства и права зарубежных стран./ Под ред. Жидкова О.А. и Крашенинниковой Н.А. ч.1., М., 1988
- Мұхтарова А.Қ. Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы. Алматы, 2005
- Крашенинникова Н.А. История права Востока. М., 1994
- Лаурье И.М. Очерки древнеегипетского права 16-10 вв. до н.э. Л., 1960
- Хрестоматия по истории государства и права зарубежных стран. М., 1984, с.12-34
- Шапақ Ү.Ш., Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы. Оқу құралы. Астана., 2005
- Черниловский З.М. Всеобщая история государства и права. М., 1996

## Кіріспе

Шетелдердің мемлекеті мен құқығы тарихы әртүрлі мемлекеттердің пайда болуы және даму процесстерімен қоса олардың құқық жүйелерін нақты тарихи материалдар негізінде зерттейтін заң ғылымы.

Заң ғылымында оқу пәні ретінде зор маңызға ие. Өйткені мемлекеттік құқықтық құрылымдар туралы ғылыми-теоретикалық тарихи білімдерді қалыптастырады.

Мемлекет және құқықтың жалпы тарихи оқу пәні бүгінгі таңда қоғам, экономика мен саяси құқықтық жүйесін қайта қарап жатқанда зор көкейкесті мәселе болып табылады. Өткенді білмей, қазірді түсініп, болашақты болжау мүмкін емес. Академиямыздың оқу процесіне енгізілген кредиттік оқу жүйесін ескере отырып, мемлекет пен құқықтың жалпы тарихы оқу пәні бағдарламасы төменгідей құрылған: әрбір блокта мемлекет және құқықты белгілі бір тарихи кезеңде дамыған елдерді қарастырады. Бұндай бөлімде оқу пән бағдарламасында төртке бөлінеді: құрамына Ежелгі Шығыс пен Антикалық елдер кіретін Ерте дәуірдегі мемлекет және құқық тарихы, Орта ғасырдағы мемлекет және құқық тарихы, Жаңа замандағы мемлекет және құқық тарихы және қазіргі кездегі мемлекет және құқық тарихы.

Саяси ескерткіштер және арнаулы әдебиеттер тізімі осы бағдарламада мемлекет және құқықтың дамуының тарихи кезеңдеріне сәйкес берілген. «Шетелдердің мемлекеті мен құқығы тарихы» оқу пәні бағдарламасының бөлімдері әрбір тақырыбы бойынша кредиттік жүйенің әртүрлі үлгідегі бақылауда қолданыла алады.

Оқытушының ұйғарымы бойынша олар ауызша қойылатын сұрақтар, рефераттар, баяндама, межелік бақылау нысанында үлестіріледі.

## **Шетелдердің мемлекеті мен құқығы тарихы пәні және әдістері**

Шетелдер мемлекеті мен құқығы тарихы дегеніміз – шетел мемлекеттерінің мемлекеті мен қоғамының тарихындағы олардың жалпы заңдылықтарын, құқықтық өмірді ұйымдастырудың принциптерін және теориясы мен тәжірбиесін анықтайтын белгілі бір жүйедегі қоғамтану ғылымы.

Шетелдер мемлекеті мен құқығы тарихының пәні – шетелдер мемлекеттері мен құқығының пайда болуының, дамуының және қызмет етуінің жалпы заңдылықтары.

Сонымен, өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып шетелдер мемлекеті мен құқығы тарихы пәніне мынандай сипат беруімізге болады:

а) шетелдер мемлекеті мен құқығы тарихы қоғамдық ғылым, себебі ол қоғамдық өмірдің анықталған бөлігі – мемлекет пен құқықты зерттейді;

ә) тікелей мемлекеттік-құқықтық құбылыстарды зерттейтіндіктен, құқықтық ғылым;

б) барлық құқықтық ғылымдарға қатысты жалпы мәселелерді зерттейтіндіктен, жалпы тарихи құқықтық ғылым;

в) тереңдетілген байланыстар мен қатынастарды ашудың негізінде басты қорытындыларды жасайтындықтан, негіз салушы (фундаменталды) ғылым;

г) салалық заң ғылымдарымен өзара байланысты бағыт беруші, әдістемелік мәндегі ғылым;

д) құқықтық ғылым курсына кіріспе ғылым, себебі ол мемлекеттік-құқықтық құбылыстарға біртұтас сипаттама беру кезіндегі заңдық түсініктердің негізгі жүйесін қалыптастырады.

Шетелдер мемлекеті мен құқығы тарихының басқа қоғамдық ғылымдармен байланысы екі түрлі сипатқа ие болады. Бір жағынан, шетелдер мемлекеті мен құқығы тарихы қоғамдық ғылымдардың жетістіктерін пайдаланса, екінші жағынан, қоғамдық ғылымдар шетелдер мемлекеті мен құқығы тарихы тұжырымдарына сүйенеді. Бұндай қорытынды ғылыми білімнің бірлігі мен өзара байланысы қағидасынан шығады.

Құқықтық ғылымдардың ерекшеліктеріне келсек, олар мемлекеттік құқықтық шынайылықтың өзекті мәселелерін арнайы зерттеумен шұғылданады. Барлық құқықтық ғылымдарды өз пәндерінің ерекшеліктеріне байланысты бірнеше топтарға жіктеуге болады.

Теориялық құқықтық ғылымдар мемлекеттік құқықтық құбылыстардың аса маңызды жалпы сұрақтарын зерттейді. Тарихи құқықтық ғылымдар мемлекеттік - құқықтық мекемелердің (мемлекет пен құқық тарихы) немесе мемлекет пен құқық ілімдерінің (саяси құқықтық ілімдер тарихы) даму

процессін қарастырады.

Салалық құқықтық ғылымдар (конституциялық, қылмыстық, азаматтық, әкімшілік, еңбек және т. б.) нақты құқықтық мекемелер мен нұсқауларды және тиісінше құқықтық практиканы зерттейді.

Қолданбалы құқықтық ғылымдар (криминалистика, сот медицинасы, сот психиатриясы және т. б.) табиғи және техникалық ғылымдардың жетістіктерін, құқықтық мәселелерді шешу үшін қолданылады.

Заңдық ғылымдар жүйесінде шетелдер мемлекеті мен құқығының тарихының алатын орны ерекше. Шетелдер мемлекеті мен құқығы тарихы мен тарихи-заңдық ғылымдардың ұқсастығы олардың мемлекет пен құқықты тұтас қарайтындығына байланысты, айырмашылығы тарихи-заңдық ғылымдар зерттеу барысында мемлекеттік-құқықтық нысандарды даму үрдісінде хронологиялық тәртіппен, тарихи әдістерді қолдана отырып зерттейді.

Салалық заңдық ғылымдарға қатысты шетелдер мемлекеті мен құқығы тарихы тұжырымдаушы роль атқарады. Ол мемлекет пен құқықтың дамуы мен қызмет етуінің барынша жалпы заңдылықтарын зерттеп қорытындылайды, барлық салалық заң ғылымдарына ортақ мәселелерді қарастырады, әдістемелік, бағыттаушы роль атқарады. Сонымен қатар өзі де салалық заң ғылымдарының жетістіктерінен нәр алады, яғни ондағы фактілі материалдарды өңдеп, қажетіне жаратады. Шетелдер мемлекеті мен құқығы тарихының өзге заңдық ғылымдармен арақатынасы өзара тығыз байланысты екі жақты қатынас екендігіне көз жеткіздік.

Мемлекеттің пайда болуы. Мемлекет - қоғамдағы аса маңызды таптық қатынастарды және өзге де жалпы адамзаттық мәселелерді шешуді және орындауды қамтамасыз ететін, тарихи қалыптасқан қоғамды ұйымдастыратын бірден-бір жан-жақты әмбебап саяси ұйым.

Мемлекетті алғашқы қауымдық қоғамдағы әлеуметтік өкіметтен ажырататын мынадай негізгі белгілері:

1. Қоғамнан ажыратылған ерекше көпшілік (жария) биліктің болуы. Мемлекеттік биліктің ерекше белгісі - оның жалпылық және әмбебаптық сипатында.

2. Тұрғындардың аумақтық ұйымдастырылуы.

3. Тұрғындардан салықтарды жинау

4. Мемлекетте арнаулы мәжбүр ету аппараты болады.

5. Жалпыға міндетті нормативтік актілердің болуы.

6. Мемлекеттің келесі негізгі ерекшелігі – егеменділігінің болуына байланысты. Мемлекет егемендігі - мемлекеттік биліктің саяси-құқықтық ерекшелігі, оның ішкі басқа биліктен және шет мемлекеттерден тәуелсіз өз

мақсаттарын шешуге құқығы және еріктілігі.

Мемлекеттің шығуының негізгі теориялары: материалистік теория, табиғи-құқықтық теория, органикалық теория, күш көрсету теориясы, психологиялық теория, діни, технократиялық, патриархалды, келісімдік және өзгелер.

Мемлекеттің шығу нысандары: шығыстық, афиндік, римдік, германдық және өзгелер

Шетелдердің мемлекеті мен құқығының тарихы қоғамдық өмірдің әртүрлі жақтарын зерттейтін қоғамдық ғылымдардың бір түрі болып табылады.

Барлық заңдық ғылымдарды өз пәндерінің ерекшеліктеріне байланысты бірнеше топтарға жіктеуге болады: теориялық-заңдық, тарихи-заңдық, салаалық-заңдық, қолданбалы заңдық.

Заңдық ғылымдар жүйесінде шетелдердің мемлекеті мен құқығы тарихының алатын орны ерекше. Шетелдердің мемлекеті мен құқығының тарихы мемлекет пен құқық сияқты қоғамдық құбылыстардың пайда болуы мен дамуын зерттейді.

Аталған пәнді зерттеу үшін келесідей әдістер қолданылады:

- тарихи әдіс, яғни мемлекет пен құқықтың пайда болуы және дамуы үрдісін білдіреді;

- салыстырмалы-тарихи әдіс, зерделенген тарихи фактілерді басқа да ұқсас фактілермен салыстыруға мүмкіндік береді;

- жүйелік-құрылымдық әдіс, жүйенің біртұтастығын қамтамасыз ететін ішкі байланысын және оған тән элементтер құрылымын зерттейді;

- статистикалық әдіс, тарихи үдерістің сандық жақтарын зерттеуде, зерттеу объектісіне сандық көрсеткіштер тән болған кезде қолданылады.

Шетелдердің мемлекеті мен құқығының тарихы дүниежүзілік мемлекеттілікке едәуір әсерін тигізген елдердің мемлекеті мен құқығының пайда болуын және дамуын зерттейді. Осы кезде жекелеген елдердің мемлекеті мен құқығы тарихының жалпы заңдылықтары және сонымен қатар ерекше белгілері қарастырылады. Олардың дамуын анықтаушы негізгі себепті-салдарлы байланыстары зерделенеді. Сондай-ақ аталған процесстердің барлық қиыншылығы мен қарама-қайшылығын көруге мүмкіндік беретін жағдайлар көздеп қана қоймай, сонымен бірге қазіргі мемлекеттілікті терең ұғынуға, сонымен қатар келешектегі оның дамуының негізгі жақтарын талдайды.

## **Шетелдердің мемлекеті және құқығы тарихының кезеңдері.**

Шетелдердің мемлекеті мен құқығының тарихы жекелеген мемлекеттердің мемлекеттік-құқықтық институттарының тарихын төрт негізгі кезеңдерін хронологиялық тұрғыда зерделейді: Ежелгі Шығыс пен Антикалық елдер кіретін Ерте дәуірдегі мемлекет және құқық тарихы, Орта ғасырдағы мемлекет және құқық тарихы, Жаңа замандағы мемлекет және құқық тарихы және қазіргі кездегі мемлекет және құқық тарихы. Осындай кезеңдеу әлемдік өркениет дамуының негізгі төрт дәуіріне сәйкес келеді. Оның ең негізгі маңыздысы мемлекет және құқық табылады. Қазіргі уақытта мемлекеттік және қоғамдық өмірдің көптеген аясында интеграциялық процесстер күшеюде. Бұл құқықтық салаға да қатысты болады. Әлемдік қауымдастық және мемлекеттер жалпы құқықтық принциптердің аса маңыздылығын таниды және жалпы алғанда түрлі құқықтық жүйелердің жақындасуын қолдайды. Ұлттық заңнамалардың даму тәжірибесін өзаралық қолдануға және зерделеуге, құқықтық ақпарат пен ғылыми идеялармен алмасуға мүдделілік артуда. Барлық дүниежүзілік елдерінде тарихи, салыстырмалы-құқықтық, салыстырмалы-тарихи әдістерді қолдануға негізделген құқықтық зерттеулер маңызды дамуға ие болуда. Олар мемлекеттердің және құқықтық жүйелердің дамуының тарихи заңдылығын анықтауға, ағымдағы ұлттық заңнамаларды жетілдіруге мақсатты. Осы зерттеулердің маңыздылығы құқықтанудың көптеген дәстүрлі мәселелерін шешуге бағытталып қана қоймай, сонымен қатар бірқатар жаңадан мәселелер қоя алатындығымен көрініс табады.

Шетелдердің мемлекеті мен құқығының тарихы жекелеген елдердің мемлекеті мен құқығын олардың пайда болуы мен дамуы барысы кезіндегіні зерделейді және де олардың тарихи даму кезеңдеріндегі заңдылығын және жалпы тарихи заңдылықтарын анықтайды. Бұрынғының мемлекеттік-құқықтық тәжірибесін жинақтайды.

## Қорытынды

Шетелдердің мемлекеті мен құқығының тарихы пәнінің ерекшелігі онымен қолданылатын жалпыфилософиялық және нақты-ғылыми әдістерді, сонымен бірге зерттеудің айла тәсілдерін дәйектейді. Ғылыми танымның мақсаты мен міндеттерін анықтайды. Шетелдердің мемлекеті мен құқығының тарихының пәндік және әдістемелік ерекшелігінің анықталуы зерттеу принциптерінің, тәсілдерінің жиынтығы болып табылады. Осыдан барып өзінің мүмкіншіліктері бойынша көп шамада аталған заң пәнінің тарихи-құқықтық мазмұнына және профиліне сай келеді.

Тарихилық принципі мемлекет және құқық пайда болуы мен дамуын зерделеу барысында тарихи ретроспектива мен келешекте маңызды рөл атқарады. Ол белгілі бір кезеңнің мемлекеті мен құқығының түрлерін және нақты-тарихи типін зерттеу негізінде болады. Шетелдердің мемлекеті мен құқығының арасындағы байланысты ашуға, ал сонымен қатар олардың дамуындағы қисынды түсінуге, олардың мемлекеттік-құқықтық тәжірибесін салыстыруға көмектеседі.

Шетелдердің мемлекеті мен құқығының тарихы заң білімінің үзілмес бөлігі Мемлекет және құқық теориясымен, Қазақстан Республикасының мемлекеті және құқығымен қатар тарихи-теоретикалық пән болып табылады және базалық пәндердің міндетті компонентіне жатады.

Шетелдердің мемлекеті мен құқығының тарихы оқу пәні ретінде келесі қызмет атқарады:

1. ғылыми-танымдық;
2. тәжірибелік-пәндік;
3. оқу-тәрбиелік.